

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 1-сі



УЕ-02-01-04
ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША
ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ

Түркістан, 2024

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 2-сі

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ӘЗІРЛЕГЕН:


Академиялық даму бөлімінің басшысы



Г. Сыздыкова
«02» 09 2024 ж.


КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор




Л. Шалабаева
«02» 09 2024 ж.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің басшысы



Д. Бейсембаева
«02» 09 2024 ж.

Әкімшілік бөлімінің басшысы



Қ. Тубеков
«02» 09 2024 ж.

Әкімшілік бөлімінің бас маманы (заңгер)



Е. Тасов
«02» 09 2024 ж.

Сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы м.а.



Ж. Сейткулова
«02» 09 2024 ж.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 3-сі

МАЗМҰНЫ

1. Қолдану саласы	4
2. Қолданылған қысқартулар тізімі	4
3. Қолданылған терминдер мен анықтамалардың тізімі	4
4. Нормативтік құжаттар	6
5. Жалпы ережелер	7
6. Оқу пәндеріне жазылу және ЖОЖ құру	8
7. Білім алушының оқу жетістіктерін бағалау	9
8. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы және халықаралық кредиттік ұтқырлық	12
9. Екі дипломдық және бірлескен білім беру бағдарламалары	13
10. Жауапкершілік және өкілеттіктер	14
11. Өзгерістер енгізу тәртібі	14
12. Келісу, сақтау және тарату	14
13. Өзгерістерді тіркеу парағы	15
14. Танысу парағы	16
Қосымша 1	17
Қосымша 2	18

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 4-сі

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі» (бұдан әрі – Ереже) «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) оқытудың кредиттік технологиясы (бұдан әрі – ОКТ) бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

1.2 Ереже ішкі нормативтік құжаты болып табылады және Университетте оқу үдерісін ұйымдастыру барысында орындалуы міндетті.

2. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

БББ – Білім беру бағдарламасы;

ЖЖОКБҰ – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;

ПОҚ – Профессор-оқытушылар құрамы;

ТО – Тіркеуші офис;

Университет – «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ.

3. ҚОЛДАНЫЛҒАН ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР ТІЗІМІ

Академиялық кезең – бір семестр 15 аптадан немесе бір триместр 10 аптадан тұратын теориялық оқу кезеңі.

Академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының (педагогтің) білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі.

Академиялық күнтізбе – оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі.

Академиялық сағат - оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені, оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есептеу кезінде пайдаланылады.

Академиялық ұтқырлық – білім алушыларды немесе оқытушыларды белгілі бір академиялық кезеңге (семестр / триместр немесе оқу жылы) басқа ЖЖОКБҰ-ға (ел ішінде немесе шетелде) академиялық кредиттер түрінде игерген білім беру бағдарламаларын, пәндерін міндетті түрде қайта сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖЖОКБҰ-да немесе басқа ЖЖОКБҰ-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру.

Білім алушылардың оқудағы жетістігі – білім алушылардың оқу үдерісінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары және құзыреті.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 5-сі

бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім.

Білім алушының академиялық рейтингі – аралық аттестаттау нәтижелері бойынша құрылатын, пәндердің және (немесе) модулдердің оқу бағдарламасын және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші.

Білім алушының өзіндік жұмысы – өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс.

Білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені.

Екі дипломдық білім беру – қос тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында, екі білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары бойынша оқу мүмкіндігі.

Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинау жүйесі (ECTS) – білім алушының шетелде алған кредиттерін өзі оқитын білім беру ұйымына оралғанда дәреже алу, сондай-ақ білім беру бағдарламасы шеңберінде кредиттер жинау үшін есептелетін кредиттерге аудару тәсілі.

Жеке оқу жоспары – білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары.

Кредиттік ұтқырлық – білім алушыларды өзі оқитын ЖЖОКБҰ-да оқуын жалғастыру шеңберінде – академиялық кредиттерді жинақтау мақсатында шетелге белгілі бір шектеулі оқу немесе тағылымдама кезеңіне орын ауыстыру (ұтқырлық фазасынан соң білім алушылар оқуын аяқтау үшін өзі оқитын білім беру ұйымына оралады).

Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) – қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы.

Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі – халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі.

Оқу жұмыс жоспары – білім беру бағдарламасы және білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде ЖЖОКБҰ дербес әзірлейтін оқу құжаты.

Оқу пәніне жазу – білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі.

Оқытудың кредиттік технологиясы – білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 6-сі

Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы – ЖЖОКБҰ немесе оқытушының өзі анықтайтын жеке кесте бойынша жүргізілетін оқытушының басшылығымен білім алушының жұмысы.

Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы – ЖЖОКБҰ немесе оқытушының өзі анықтайтын жеке кесте бойынша жүргізілетін оқытушының басшылығымен білім алушының жұмысы.

Пәнге қайта тіркелу – білім алушы басқа пәнге жазылу және жеке оқу жоспарын өзгерту арқылы таңдау бойынша курс пәнін өзгерте алатын кезең.

Постреквизиттер – зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модулдер) және оқу жұмысының басқа түрлері.

Пререквизиттер – пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері.

Транскрипт – кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат.

Үлгерімнің орташа балы (GPA) - таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы).

Эдвайзер – тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы.

Элективті пәндер – жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымы енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер.

Элективті пәндер каталогы – оқу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдерін) және күтілетін оқу нәтижелерін (игерілетін білім, білік, дағды және құзыреттілік) көрсете отырып, олардың қысқаша сипаттамасын қамтитын таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізбесі. Бұл құжатта әрбір оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттері көрсетіледі.

4. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Осы Ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 Бұйрығы), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (ҚР ҒЖБМ 20 шілде 2022 жылғы №2 бұйрығы), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары (ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі (ҚР ҒЖБМ 2024 жылғы 05

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 7-сі

қаңтардағы №4 бұйрығы) және ҚР ҒЖБМ басқа да нормативтік-құқықтық актілері, сондай-ақ Университеттің ішкі нормативтік құжаттарының негізінде, қазіргі өзгерістері мен редакцияларына сәйкес жасалған.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Университетте оқытудың кредиттік технологиясы бойынша жоғары кәсіптік білімі бар мамандарды даярлау жүзеге асырылады; негізгі міндеті – білім алушылардың білім беру бағдарламасы шеңберінде таңдау негізінде өзін-өзі тәрбиелеу және ұйымдастыру қабілеттерін дамыту.

5.2 Бір оқу жылы шеңберінде оқу үдерісін ұйымдастыру академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады. Академиялық күнтізбеде оқу сабақтарын, аралық және қорытынды аттестаттауды, кәсіптік практикаларды және оқу жылындағы оқу жұмысының басқа да түрлерін өткізу кезендері, демалыс күндері (мерекелер) көрсетіледі.

5.3 Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады. Кәсіптік практиканың негізгі түрлері оқу, педагогикалық, өндірістік, диплом алдындағы практика болып табылады. Практикалардың ұзақтығы 30 сағатқа (5 күндік апталық жұмыс үшін күніне 6 сағат) тең апта ішінде білім алушының практикада жұмыс істеуінің нормативтік уақытына сүйене отырып, апталармен айқындалады.

5.4 Кәсіптік практиканың нәтижелері аралық аттестаттау қорытындыларын шығару кезінде ескеріледі.

5.5 Әрбір білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – ББ) бойынша білім беру ұйымы элективті пәндер каталогын (бұдан әрі – ЭПК) әзірлейді. Мектептер ЭПК уақытында дайындауға міндетті. Өз кезегінде эдвайзерлер білім алушыларға таңдау компоненттерінің пәндерінің саны және олардың қысқаша сипаттамалары туралы толық ақпаратпен танысу үшін тіркеу мерзімі басталғанға дейін презентациялар өткізеді.

5.6 Оқытудың кредиттік технологиясы кезінде білім алушылардың өзіндік жұмысы екі бөлікке бөлінеді: білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысына (бұдан әрі – БОӨЖ) және білім алушының өзіндік жұмысына (бұдан әрі – БӨЖ).

5.7 Оқытудың кредиттік технологиясы кезінде оқу жүктемесі білім алушыға оқу пәнін, модульді немесе бүкіл ББ оқу үшін талап етілетін және жоғары білімнің білім беру бағдарламасында оқытудың белгіленген нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті уақытпен өлшенеді. Жүктеме көлемі бірыңғай бірліктермен – академиялық кредиттермен өлшенеді.

Оқу жүктемесі білім алушының барлық оқу қызметін – дәрістерді, семинарларды, зертханалық сабақтарды, кәсіптік практиканың барлық түрлерін, зерттеу жұмысын және бітіру жұмысын орындауды, білім алушының өзіндік жұмысын, оның ішінде оқытушының басшылығымен жұмысты қамтиды.

5.8 Оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитті немесе 1800 академиялық сағатты (семестрлер бойынша) / 80 академиялық кредитті немесе 2400 академиялық сағатты (триместрлер бойынша) құрайды. Университет семестрлер / триместрлер бойынша академиялық кредиттерді өзі бөледі.

5.9 Оқу жылы академиялық кезендерден тұрады: Теориялық оқыту, аралық аттестаттау, практика, демалыс, қорытынды аттестаттау (бітіру курсында), сондай-ақ қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық берешекті немесе оқу жоспарларындағы

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» KEAҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 8-сі

айырмашылықты жою, оқу пәндерін оқу және кредиттерді игеру үшін жазғы семестрді (бітіру курсы қоспағанда) енгізуге жол беріледі басқа білім беру ұйымдарында білім алушылар өздерінің ЖЖОКБҰ-да міндетті түрде қайта есептей отырып, үлгерімнің орташа балын (GPA) арттыра алады, сабақтас немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде дуалды және екі дипломды білім беру шеңберінде игеру. Әр оқу жылының барлық кезеңдерінің ұзақтығы мен мерзімдері жаңа оқу жылы басталғанға дейін шығарылатын және бекітілетін академиялық күнтізбеде көрсетіледі.

5.10 Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде әрбір оқу пәнінің көлемі академиялық кредиттердің бүтін санын құрайды. Бұл ретте пән 5 академиялық кредиттен кем емес көлемде бағаланады. Пәнді 3-4 академиялық кредитпен бағалауға жол беріледі.

5.11 Оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең екендігіне негізделеді. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

5.12 Бір академиялық кредиттің еңбек сыйымдылығы (30 академиялық сағат) 1 ECTS кредитіне (25-30 академиялық сағат) сәйкес келеді.

5.13 Әрбір оқу пәні бір академиялық кезеңде оқытылады және қорытынды бақылаумен аяқталады.

5.14 Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша таңдалатын пәндер көлемін ЖЖОКБҰ дербес белгілейді. Бұл ретте қосымша білім беру бағдарламасының пәндерін білім алушылар ЖОО компоненті және таңдау компоненті пәндері шеңберінде зерделейді.

5.15 Білім алушылардың ресми және бейресми білім беруде алған барлық академиялық кредиттері мен қол жеткізген оқу нәтижелері өмір бойы жинақталады және ЖЖОКБҰ дербес қайта оқиды.

6. ОҚУ ПӘНДЕРІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ЖОЖ ҚҰРУ

6.1 Пәндерді таңдау білім алушының кәсіби бағдарын ескере отырып жүзеге асырылады.

6.2 Пәндерді таңдау пәндерді оқу кезектілігін міндетті түрде ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Егер алдыңғы семестрде / триместрде осы пәнге пререквизиттерді меңгермеген болса, білім алушы пәнге тіркеле алмайды.

6.3 Білім алушыны пәнге тіркеу эдвайзерлер мен Тіркеу кеңсесінің қызметкерінің әдістемелік көмегі арқылы «Platonus» ААЖ-да онлайн режимінде жүргізіледі. Әрбір білім алушыға сәйкестендіру нөмірі (логин, пароль) беріледі.

Мектеп ұсынатын элективті пәндердің мазмұны бойынша білім алушылардың кеңінен хабардар болуын қамтамасыз ету үшін «Platonus» ААЖ-да электронды түрде орналастырылатын ЭПК шығарылады.

6.4 1 курстан басқа барлық курстардың білім алушыларын оқу пәндеріне тіркеу сәуір айында жүргізіледі. Пәнді қайта тіркеу және 1 курс білім алушыларын тіркеу әр оқу жылының 20-30 тамызы аралығында жүргізіледі.

6.5 Бағдарлау аптасында 1 курс білім алушылары үшін мектеп директорларымен, эдвайзерлермен кездесулер өткізіледі. Эдвайзерлер Оқытудың кредиттік технологиясымен жалпы танысуды жүргізеді.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 9-сі

6.6 Қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушыларға қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) – пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлері ұсынылады.

6.7 Таңдау компонентінің пәндері бойынша топтар білім алушылардың жеткілікті саны бойынша құрылады. Топтарды қалыптастыру кезінде білім алушылар саны кемінде 10 студент. Егер білім алушылардың саны белгіленгеннен аз болса, онда пән ашылмайды. Ашылмаған пәнге тіркелген білім алушыларға бұл туралы презентация аптасынан кейін 3 күн ішінде ескертіп, пәндерге қайта тіркелу ұсынылады.

6.8 Білім алушылар пәндерге тіркеледі және одан кейін Жеке оқу жоспары (бұдан әрі – ЖОЖ) жасалады.

6.9 «Platonus» ААЖ қалыптастырылған және басып шығарылған ЖОЖ (2 данада) білім алушыларға қол қойылады және келісу үшін эдвайзерге ұсынылады. Ескертулер болмаған жағдайда эдвайзер ЖОЖ қол қояды, оны тиісті мектепке жетекшілік ететін Тіркеу кеңсесінің маманымен келіседі. ЖОЖ мектеп директоры екі баспа данада бекітеді: біреуі-мектепте сақталады және білім алушының кәсіптік оқу бағдарламасының орындалуы мен игерілуіне бақылауды жүзеге асыру үшін негіз болады, екіншісі – білім алушыға тапсырылады, Тіркеу кеңсесі ЖОЖ-ның электрондық нұсқасын басшылыққа алады.

6.10 Білім алушы білім беру бағдарламасының оқу жоспарының талаптарына сәйкес өзінің ЖОЖ құруына және оқу курсының толық меңгеруіне дербес жауапты болады.

7 БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

7.1 Білім алушы барлық сабақтарға кесте бойынша қатысуға міндетті.

7.2 Оқытушы апта сайын «Platonus» ААЖ электронды журналында ағымдағы үлгерім бағаларын 100 балдық шкаламен қойып отырады.

7.3 Білім алушының қорытынды емтиханға жіберу рейтинг балы 50% кем болмауы керек.

7.4 Академиялық кезең аяқталғаннан кейін емтихан түрінде қорытынды бақылау жүргізіледі.

7.5 Білім алушының оқу жетістіктерін бағалау дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS (1-қосымша) ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес жүргізіледі.

7.6 Тілдер (қазақ, шетел, орыс) бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлік модельге, ECTS аудару және дәстүрлі шкалаға сәйкес шет тілдері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес бағаланады. Тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы шет тілді меңгерудің жалпыеуропалық құзыретіне (бұдан әрі – ЖЕК) (A1, A2, B1, B2, C1, C2) сәйкес келеді (2-қосымша).

7.7 Қорытынды бақылау (емтихан) бойынша оң бағаны арттыру мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

7.8 «FX» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда білім алушы осы бағалау алынған емтихан сессиясынан кейін бірден арнайы бөлінген уақыт кезеңінде оқу пәні/модуль бағдарламасын қайта өтпей-ақ аралық аттестаттауды қайта тапсыруға мүмкіндігі бар.

7.9 «F» белгісіне сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда білім

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 10-сі

алушы жазғы семестр кезеңінде ақылы негізде осы оқу пәніне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және аралық аттестаттауды қайта тапсырады.

7.10 Егер білім алушының емтиханға рұқсаты болса, бұл ретте ауру бойынша емтиханға келмесе (анықтаманың болуы міндетті), оған «I» («Incomplete») бағасы қойылады. Ол үшін білім алушы екі күн (48 сағат) ішінде Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректордың атына емтиханға келмеу себебін көрсете отырып, қайта тапсыруға рұқсат беру туралы өтініш жазады және өтінішке анықтаманың түпнұсқасын бекітеді. Кейін білім алушы емтиханды жеке тапсырады. Білім алушы белгіленген уақыт кезеңінде (20 күн) қойылған талаптарды орындамаған жағдайда «I» бағасы «F» бағасына ауыстырылады.

7.11 Қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық берешекті немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою, оқу пәндерін зерделеу және басқа білім беру ұйымдарында білім алушылардың өз ЖЖОКБҰ міндетті түрде қайта есептей отырып, кредиттерді игеру, оқу үлгерімінің орташа балын (GPA) арттыру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестрді (бітіру курсы қоспағанда) енгізуге жол беріледі немесе қосымша білім беру бағдарламасы, оның ішінде екі дипломдық білім беру шеңберінде. Жазғы семестрге тіркеу академиялық күнтізбеге сәйкес көктемгі семестр / триместр аяқталғаннан кейін жүргізіледі және оқытудың барлық нысандарындағы білім алушылар үшін ақылы негізде жүргізіледі. Жазғы семестрге тіркелген білім алушылар үшін жеке оқу жоспары жасалады.

7.12 Курс бағдарламасын толық аяқтаған және GPA балының белгіленген деңгейіне жетпеген білім алушыға жазғы семестр кезеңінде өзінің орташа үлгерім балын арттыру мақсатында белгілі бір пәндерді ақылы негізде қайта зерделеуге және осы пәндер бойынша ақылы негізде қайта емтихан тапсыруға мүмкіндік беріледі.

7.13 GPA ең төменгі өту балын жинамаған білім алушы қайта оқу курсына қалады және білім беру грантынан айырылады.

7.14 Орташа балл (GPA) сандық - кредит эквивалент жүйесі негізінде есептеледі. Қорытынды шама модульге берілген кредиттер санына бағалаудың цифрлық баламасы туындыларының сомасынан білім алушы тіркелген кредиттердің жалпы санына бөлінген жеке болып табылады.

GPA есептеу мысалы:

Шет тілі	3	A	4.00
Туризмология негіздері	2	B	3.00
Қазақ тілі	3	F	0

Шет тілі $4.00 \times 3 = 12.00$
 Туризмология негіздері $3.00 \times 2 = 6.00$
 Қазақ тілі $0 \times 3 = 0$
 Қорытынды шама $= 12 + 6 + 0 = 18.00$
 Кредиттердің жалпы саны $= 3 + 2 + 3 = 8$

$$GPA = \frac{\text{Қорытынды шама}}{\text{Кредиттердің жалпы саны}} = \frac{18.00}{8} = 2,25$$

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 11-сі

7.15 Егер GPA санау кезінде орташа балл екі ондық таңбалы санмен ұсынылса, онда GPA математика ережелеріне сәйкес оннан бір бөлігіне дейін дөңгелектенуі керек (үтірден кейін бір таңбаға дейін): егер үтірден кейінгі екінші цифр 0,1,2,3 немесе 4-ке аяқталса, онда үтірден кейінгі бірінші цифр өзгермейді; егер үтірден кейінгі екінші цифр 5,6,7,8 немесе 9 аяқталса, онда үтірден кейінгі бірінші сан бірлікке артады, мысалы: $2,23 = 2,2$; $2,25 = 2,3$; $2,27 = 2,3$ және т. б.

7.16 Курстан курсқа ауыстыру үшін ең төменгі ауысу балының шамасы оқу курстары бөлінісінде белгіленеді және Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен бекітіледі. Білім алушының GPA, сондай-ақ жеке GPA аударым деңгейі «Platonus» ААЖ-да, білім алушының транскриптіңде көрсетіледі.

Университетте білім алушыны келесі курсқа ауыстыруға мүмкіндік беретін ең төменгі GPA шамасы белгіленген:

триместр

- 1-курстан 2-курсқа өту – 1,8;

- 2-курстан 3-курсқа өту – 2,2;

семестр

- 2-курстан 3-курсқа өту – 2,0;

- 3-курстан 4-курсқа өту – 2,2;

7.17 Жазғы оқу семестрінде жойылмаған оқу жұмыс жоспарының (бұдан әрі – ОЖЖ) пәндеріндегі академиялық айырмашылық кейіннен академиялық берешек ретінде ескеріледі және курстан курсқа ауысқан кезде GPA анықтау кезінде нөл жазылады.

7.18 Шарттық негізде оқуды жалғастыру үшін қайта курсқа қалдырылған білім алушы келесі оқу жылының 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасасуға міндетті.

Курсты қайта зерделеу кезінде оқу ақысы нақты оқылатын академиялық пәндер (игерілетін кредиттер) есебінен жүргізіледі. Бұл жағдайда бұйрық ресімделеді, оның негізі білім алушының өзі мен оның ЖОЖ-нің өтініші болып табылады. Білім беру қызметтерінің құнын төлеу оқуға қабылдану сәтіне дейін, яғни оқуға қабылдау туралы бұйрық шыққанға дейін есептеледі. Басқа ЖЖОКБҰ-дан ауысу, қайта қабылдау, академиялық демалыстан шығу кезінде курстың оқу құнын есептеу ағымдағы оқу жылында нақты оқытылатын пәндерден жүргізіледі.

7.19 Академиялық демалыстан оралған білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңінде немесе жазғы семестр кезеңінде белгіленген нормаларға сәйкес ақы төлей отырып, білім беру бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарларындағы (егер бар болса) айырмашылықты жоюға тиіс.

7.20 Білім алушылардың оқу жетістіктерінің тарихы (транскрипт) «Platonus» ААЖ-да (Университеттің веб-сайты арқылы кіру) көрсетіледі. Транскрипт кредиттер мен бағаларды әріптік және цифрлық түрде, сондай-ақ кәсіптік практиканың барлық түрлерін көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде игерілген пәндердің тізбесін қамтиды.

Транскриптке емтихандарды қайта тапсырудың оң нәтижелерін қоса алғанда, білім алушының барлық қорытынды бағалары жазылады.

7.21 Дипломға (транскриптке) қосымшада академиялық кредиттер мен сағаттарда олардың көлемін көрсете отырып, оқу және (немесе) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу)

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 12-сі

жұмыстарының барлық түрлері бойынша бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша соңғы бағалар көрсетіледі.

7.22 Транскрипт Тіркеу кеңсесімен белгіленген нысан бойынша және қажеттілігіне қарай беріледі.

8 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КРЕДИТТІК ҰТҚЫРЛЫҚ

8.1 Болон үдерісінің негізгі қағидаттарының бірі – академиялық ұтқырлыққа жәрдемдесу қағидатын іске асыру үшін Университет өткізілген оқу және/немесе зерттеу жұмысы бойынша кредиттерді міндетті түрде қайта есептей отырып, басқа білім және ғылым ұйымында (ел ішінде немесе шетелде) белгілі бір академиялық кезең ішінде оқытуды немесе ғылыми зерттеулер жүргізуге қолайлы жағдайлар жасайды.

8.2 Академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету үшін білім алушылар басқа ЖЖОКБҰ-да, оның ішінде шетелде жекелеген пәндерді оқиды. Бұл ретте ЖЖОКБҰ арасында екіжақты шарт жасалады.

8.3 Академиялық ұтқырлық түрлері: Ішкі академиялық ұтқырлық, сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық, кіріс және шығыс академиялық ұтқырлық.

8.4 Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы ЖОО аралық шарттар/келісімдер немесе бірлескен жобалар: ішкі академиялық ұтқырлық үшін ЖЖОКБҰ жіберетін және қабылдайтын білім алушының үшжақты келісімі/шарты және халықаралық академиялық ұтқырлық үшін шақыру шеңберінде жүзеге асырылады.

8.5 Академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру және білім алушыларды іріктеуді ЖЖОКБҰ дербес жүзеге асырады. Бұл ретте, мемлекет деңгейінде қаржыландырылатын бағдарламалар шеңберінде академиялық ұтқырлыққа қатысу үшін жолдама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жолдама беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады № 5499 актілер).

8.6 Халықаралық кредиттік ұтқырлыққа қатысу үшін қабылдаушы білім беру ұйымы көздеген деңгейде шет тілін білу қажет.

8.7 Ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушының оқуын растайтын қорытынды құжат транскрипт немесе оның болу еліндегі аналогы болып табылады. Транскриптке оқу бағдарламасы туралы мәліметтер енгізіледі: пәндердің (модульдің) атаулары, бағалар, игерілген академиялық кредиттердің саны.

8.8 Академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алушылардың толық көлемде игерген және транскриптпен расталған оқу нәтижелерін ЖЖОКБҰ міндетті түрде қайта есептейді.

8.9 Кредиттік ұтқырлық бағдарламасы бойынша басқа ұйымда болу кезеңі және кредиттерді кейіннен қайта есептей отырып оқуға арналған пәндер тізбесін білім алушылар білім беру бағдарламасының оқу жоспарын ескере отырып, бітіруші мектептің келісімі бойынша айқындайды.

8.10 Кредиттерді қайта есептеу (трансфер) - білім алушының транскриптіне осы пәндер бойынша кредиттер мен бағаларды енгізе отырып, білім беру бағдарламасының оқу жоспарына сәйкес басқа оқу орнында білім алушының оқыған/өткізген пәндерінің көлемі мен мазмұнының

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 13-сі

немесе зерттеу жұмысының пәндер/зерттеу жұмысының баламалылығын тану/осы пәндер бойынша бағалау / зерттеу жұмысы ұйымнан алынған құжат (транскрипт) негізінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білім алушы болған.

8.11 Кредиттерді қайта есептеуді мектеп директоры Офис тіркеушімен бірлесіп білім алушының өтініші және бітіруші мектептің растайтын құжаттары бар ұсынымы негізінде жүзеге асырады.

8.12 Бітіруші мектеп оқыған пәндердің көлемінің және мазмұнының немесе жүргізілген зерттеу жұмысының оқу жоспарының білім беру бағдарламасының талаптарына баламалылығын объективті белгілеуге жауапты болады.

8.13 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша басқа ЖЖОКБҰ-да болу оқытуды қаржыландыру көзіне қарамастан тиісті бұйрықпен оқытудың тиісті семестрі / триместрі басталғанға дейін 30 күннен кешіктірілмей ресімделеді.

9 ЕКІ ДИПЛОМДЫҚ ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

9.1 Екі дипломды бағдарламалар ЖЖОКБҰ серіктестердің білім беру бағдарламаларын салыстыруға және синхрондауға негізделген және тараптардың бағдарламаның мақсаттары мен мазмұнын айқындау, оқу үдерісін ұйымдастыру, берілетін дәрежелер немесе берілетін біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша ортақ міндеттемелерді қабылдауымен сипатталатын бағдарламалар.

9.2 Екі дипломды білім беру бағдарламалары екі ЖЖОКБҰ әріптес арасындағы келісім негізінде әзірленеді. Бұл ретте екі дипломды білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндетті шарттары:

- келісілген білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
- ЖЖОКБҰ серіктес білім беру бағдарламасының бір бөлігін екі дипломды білім беруге енгізілген білім алушылардың игеруі;
- сапаны қамтамасыз етудің уағдаластықтары, жалпы қағидаттары мен стандарттары негізінде оқыту кезеңдері мен нәтижелерін міндетті түрде тану және автоматты түрде қайта есептеу;
- оқытушылардың екі дипломды білім беруге қатысуы, білім беру бағдарламасын бірлесіп әзірлеу, оқыту, жалпы қабылдау және аттестаттау комиссияларына қатысу;
- екі дипломды білім беру бағдарламаларын толық меңгерген білім алушыларға әрбір ЖЖОКБҰ-әріптес дәрежесі немесе келісімдер негізінде бір бірлескен дәреже беріледі.

9.3 Білім алушыны екі дипломды білім беру бағдарламасына енгізу оның өтініші негізінде және ЖЖОКБҰ-әріптеспен жасалған келісімге (шартқа) сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушы ЖЖОКБҰ-серіктеске қабылдау рәсімінен өтеді.

9.4 Екі дипломды білім беру бағдарламасына енгізілген шетелдік білім алушылар «енгізілген білім» деген ерекше белгісі бар және оқу кезеңін, мерзімін, пәндер санын және игерілетін кредиттер көлемін көрсете отырып, білім алушылардың жалпы контингентіне қабылдаудың ұқсас рәсімдерінен өтеді.

9.5 Білім алушының жеке оқу жоспары оқу пәндерінің тізбесін, олардың еңбек сыйымдылығын (кредиттер мен сағаттарда), семестрлер / триместрлер бойынша бөлуді, олар игерілетін ЖЖОКБҰ-серіктестерді, қайта есептеу тәртібін қамтиды.

9.6 Екі дипломды білім берудің білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 14-сі

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын және ЖЖОКБҰ-әріптес талаптарын ескереді. Екі тараптың білім беру бағдарламалары пәндерінің тізбесі білім алушының жеке оқу жоспарын жасау кезінде ескеріледі. Сонымен қатар білім алушы тәжірибенің барлық түрлерінен және қорытынды аттестаттаудан толық көлемде өтеді.

9.7 Екі дипломды білім беру бағдарламалары бойынша оқыту кезінде қашықтықтан оқыту арқылы оқытудың әртүрлі технологияларын пайдалануға болады.

9.8 Әрбір оқу жылының соңында ЖЖОКБҰ-бағдарламаның тиісті модулін іске асыратын серіктес білім алушыға транскрипт береді.

9.9 Оқу аяқталғаннан кейін және бағдарламалардың әрқайсысы бойынша барлық талаптарды орындағаннан кейін білім алушыға академиялық дәреже беру туралы белгіленген үлгідегі екі диплом және екі транскрипт немесе уағдаластық негізінде бір бірлескен диплом беріледі.

10. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

10.1 Осы Ереже университеттің Ғылыми кеңесінде талқыланады және қаралады.

10.2 Осы Ережені университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор бекітеді.

11. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

11.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректордың ұсынысы бойынша Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімімен енгізіледі.

11.2 Осы Ережеге енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

12. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

12.1 Осы Ереже Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректор бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

12.2 Осы Ереженің жұмыс данасын сақтау және пайдаланушыларға жіберу жауапкершілігі Академиялық даму бөліміне жүктеледі.

12.3 Осы бекітілген Ереженің жұмыс данасы Академиялық даму бөліміне, ал бақылау данасы Сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беріледі.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 17-сі

Қосымша 1

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар және ECTS шкаласына аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-тік құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 18-сі

Қосымша 2

Білім алушылардың шет тілдері бойынша дәрежесіне сәйкес оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар және ECTS шкаласына аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A1	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	
A2	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 19-сі

ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
B1	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	
ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
B2	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-04
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым №3	20 беттің 20-сі

ОЕК бойынша тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
C1	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	
C2	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз	

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.